

*Мукушева М.А. ¹, Шадетова А.К. ²

^{1,2} «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша кәсіби даму институты

^{1,2} Қарағанды, Қазақстан

*(E-mail: mmukusheva@orleu-edu.kz ashadetova@orleu-edu.kz)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ТІЛДІК ОРТАҒА БАУЫЛУ ӘДІСТЕМЕСІ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Аннотация

Мақалада мектепке дейінгі ұйымда тілдік ортаны қалыптастыру, ерте жастан тілге баулу (погружение в язык) мәселесін зерттеу мақсатында әдебиеттерге жалпы шолу ұсынылады. Авторлар мектеп жасына дейінгі балалардың бір тілде (қазақ тілінде) таза сөйлей алмайтыны жиілеп бара жатқанын негізгі мәселе ретінде қарастырады.

Авторлар жұмыстағы басты назарды жоғарыда аталған мәселені шешуге тиімді деп «тілдік ортаға баулу» әдістемесіне аударады.

Тілдік ортаға баулу әдістемесінің тиімділігі осы тақырып бойынша шетелдік әдебиеттерді шолу нәтижесінде алынған халықаралық инновациялық тәжірибемен негізделген. Авторлар тілдік ортаға баулу әдістемесін кез келген жаста, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын, грамматикалық дағдыларын және тыңдап түсінуін дамыта отырып, тілді тезірек және тиімді меңгеруге мүмкіндік беретін әдістеме деп қарастырады.

Авторлар әдебиеттерге шолу жасай келе мектепке дейінгі ұйымдарда тілдік ортаға баулу бойынша отандық зерттеулердің жеткіліксіздігін және мемлекеттік тілдегі материалдардың аз қамтылғанын анықтап, осы тақырып бойынша зерттеулер жүргізу қажет екенін айтады.

Қорытындысында осы тақырыптағы тәжірибелерге одан әрі зерттеу және талдау жүргізудің маңызды екенін және мектепке дейінгі ұйымдарда тілдік ортаны қалыптастыру бойынша отандық тәжірибелерді дамыту қажеттілігін атайды.

Түйін сөздер: тілдік орта, халықаралық тәжірибе, әдістеме, мектепке дейінгі ұйым, әдебиеттерге шолу, оқыту әдістемесі, сөздік қор.

Kipicne. Тілдік ортаға баулу балаларға тілді үйретудің ең ұтымды әдістемесінің бірі. Тілдік ортаны қалыптастыру – бұл балалардың үйренуі қажет тілге еніп, оны толығымен күнделікті қарым-қатынаста қолдануы. Бұл әдістеме кез келген жаста, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың тіл үйренуіне тиімді деп танылған. Бұл балалардың сөздік қорын, грамматикалық дағдыларын және тыңдап түсінуін дамыта отырып, тілді тезірек және тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың өз ана тілінде (қазақ тілінде) дұрыс, таза сөйлей алмайтыны жиілеп барады. Бұл мәселе неден туындап отыр және оны қалай шешуге болады?

«Тілдік ортаға баулу» әдістемесі жоғарыда аталған мәселені шешуге тиімді ме? Ендеше осы тақырыптағы халықаралық инновациялық тәжірибені негізге ала отырып, тілге баулу әдістемесінің ерекшелігі мен тиімділігін зерттеу мақсатында әдебиеттерге шолу жасалды.

Әдістер мен материалдар. Тілдік ортаға баулу мәселесі бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерін, кейін осы тақырыптағы зерттеулер мен ғылыми әдебиеттерге, ұсынылған әдістемелерге шолуды жалғастырайық.

Стивен Крашеннің «Тілдік ортаға баулу: қағидаттар және практика» еңбегінде тілді ортаға енгізу саласындағы негізгі классикалық жұмыстар сипатталған. Автор тілдік ортаға біртіндеп баулу арқылы тілді еркін, табиғи түрде меңгеру идеясына негізделген тілге баулу теориясын ұсынады. Жұмыс артық формализмнен сақтандырады және процестің табиғилығының маңыздылығын көрсетеді.

Джеймс Эшер «Total Physical Response әдісі: Іс-қимылда тілдік ортаға баулу» еңбегінде тілдік ортаға баулу қағидаттарына негізделген «Total Physical Response (TPR)» әдісін ұсынады. Аталған әдіс тілді үйренуге ынталандыру үшін физикалық реакцияның басымдылығын көрсетеді, бұл қозғалыс пен тілдің табиғи байланысын көрсетеді.

Білім беру контекстінде тілдік ортаға баулу мәселесін Дайан Ларсен-Фриман «Білім беру тәжірибесінде тілге баулу» еңбегінде қарастырады. Оның бұл еңбегінде білім беру контекстінде тілді меңгерудің тиімділігіне теориялық және практикалық талдаулар берілген. Автор тілді меңгеру үшін ынталандырушы тілдік ортаны құрудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Джейсон Кайноз, Фред Джинси (Jasone Cenoz, Fred Genesee) «Көптілділікке баулу: зерттеулер мен қиындықтар» тақырыбындағы жинағында көптілділік пен тілге баулу туралы зерттеулер ұсынылған. Авторлар көптілді ортаға баулу әртүрлі аспектілерін және олардың тілдік дамуға әсерін қарастырады. Жинақ теориялық материалдар мен оқу бағдарламаларына арналған практикалық ұсыныстарды да қамтиды.

Виртуалды тілге баулудың оқуға әсерін Ребекка Фокс «Виртуалды тілдік ортаға баулудың тиімділігі» еңбегінде зерттейді. Автор виртуалды және қосымша әртүрлі технологиялық құралдардың тілге баулу тиімділігіне әсерін талдайды. Бұл жұмыста қазіргі білім беру технологиялары саласындағы өзекті мәселелер қарастырылған.

Баламалы білім беру бағдарламаларын пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың заманауи оқу үдерісі мен қабылдауын ұйымдастыру мәселелерін Ю.Протасова мен Н.М.Родина «Мектепке дейінгі ұйымдарда екі тілді дамытудың әдістемесі» оқу құралында қамтиды. Оқу құралы қостілділік және көптілділік жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу және ауызша қарым-қатынасын дамыту әдістемесін ашады, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әртүрлі жас топтарындағы балалардың сөйлеуін дамытудың психологиялық және лингвистикалық негіздерін зерттейді, философиялық, отбасылық және әлеуметтік деңгейдегі қостілділік мәселесіне арналған психологиялық, лингвистикалық әдебиеттер ұсынады [1].

«Бастауыш мектептерге арналған екінші тілді оқыту әдістемесі бойынша нұсқаулық» мұғалімдерге қосымша білім беру курстарының қысқаша мазмұны болып табылады. Бұл екінші тілді үйренудің бастапқы кезеңіне арналған оқу-әдістемелік әдебиеттер сериясындағы келесі басылым (бірінші басылым бастауыш мектепке арналған идеялар кітабы, мұнда екінші тілді үйренудің практикалық тәжірибесі мен ұсыныстары жинақталған. Анықтамалық кітапта баланың дамуы мен оның тілдік дағдыларының дамуы арасындағы байланысты атап көрсете отырып, тілдің сипаттамасы мен оны меңгеру әдістері берілген; тілдік дағдыларды меңгеру, оларды дамыту және жетілдіру жаттығулары қарастырылады [2].

Екі тілді-екі мәдениетті отбасында балалардың тілдік тәрбиесін зерттеу нәтижелері Фомин М.М. «Екі тілді отбасындағы балалардың тілдік тәрбиесі» еңбегінде ұсынылды. Зерттеу Якутск мемлекеттік университетінің Шет тілдер факультетінде «Мәдениетаралық коммуникация» курсы аясында жүргізілді. Педагогикалық жағдайлар анықталды, екі тілді-екі мәдениетті отбасындағы балалардың тілдік тәрбиеленуінің оңтайлы стратегиялары ұсынылған [3].

Осы тақырып бойынша тағы бір маңызды зерттеу Лиза Джонстың «Тілге баулу: дұрыс және теріс жақтары» (Lisa Jones). Автор тілдік ортаға енудің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап, оның екінші тілінде коммуникативті дағдыларды дамытудағы тиімділігін, сондай-ақ балаларда кездесуі мүмкін қиындықтарды көрсетеді.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Әлемнің көптеген елдерінде (Канада, АҚШ, Жапония, Италия, Испания және т.б.) тілге баулудың түрлі модельдері құрастырылған. Әлем тәжірибесінде тілге баулу моделі екі тілдің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында әзірленген. Тіл үйренушілердің бірінші тілі (T1) – бұл жағдайда елдің ресми тілі. Екінші тілдің (T2) елдегі мәртебесі, абыройы мен экономикалық маңызы жоғары болады. Оқушыларға екі тілді қандай жағдайда пайдалану түсінікті болу үшін бірінші және екінші тілдерді әртүрлі мамандар оқытады. Екінші тілді үйрететін маман осы тілді ана тілі деңгейінде немесе еркін (C1-C2) меңгеруі тиіс. T2-де оқыту барысында мұғалімдер тек T2-ні ғана қолданады және аударманы қолданбайды. Осындай оқытудың нәтижесінде, тіл үйренушілер екі тілді де еркін меңгереді.

Келесі модель мазмұнында тілдік ортаға баулудың үш түрі ұсынылады: ерте, аралық, кешірек. **Тілге ерте баулу** бағдарламасы балабақшада, балалар бес жасқа толғанда басталады. 1-2 сыныптарда оқушылар толықтай Т2-де білім алады. 3-сыныпта Т1 пән ретінде енгізіледі, ал 4-сыныпта басқа пәндер Т1-де оқытыла бастайды. 5-сыныпқа қарай екі тілде оқытылатын пәндердің саны теңеседі (50%/50%). Кейбір мектептерде Т1-де оқыту 5 және 6 сыныптарда 20%-дан 60-70%-ға дейінгі аралықта болады 7-сыныптан оқушылар Т2-де оқытылатын пәндерді өздері таңдай алады.

Тілге аралық баулу бағдарламасы да Т1-де балабақшадан басталады. Тілге ерте баулу бағдарламасымен салыстырғанда, оқушылар балабақшадан 3-сыныпқа дейін білімді тек Т1-де ғана алады. Т2 балабақшада пән ретінде күніне 30-60 минуттан оқытылады. Пәндерді Т2-де оқыту әдетте 4-сыныптан басталады. 4-сыныптан Т1 және Т2-де оқытылатын пәндердің арақатынасы бірдей болады (50% де 50%) [4].

Тілге баулу бағдарламалары бойынша халықаралық тәжірибеге тоқталайық.

Екінші тілді меңгеру бағдарламалары алғашында 1965 жылы Канаданың Монреаль қаласында енгізілді. Мақсат француз тілінде сөйлейтін Квебек провинциясындағы ағылшын тілінде сөйлейтін балалардың Квебектің біртұтас ресми тілі француз тілін үйренуге мүмкіндік жасау болды. Канадалық үлгіге негізделген тілді меңгеру бағдарламалары бүкіл әлемде кең таралған және барлық үміттерді ақтады. Қазіргі уақытта бұл бағдарламаларда 300 000-ға жуық бала білім алуда. Канадалық тәжірибеге сүйене отырып, бұл әдіс Финляндия, Жапония, Австралия, Испания және АҚШ-ты қоса алғанда, бірнеше елдерде енгізілген.

Эстониядағы тілді меңгеру бағдарламасы Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын және қолдайтын мемлекеттік бағдарлама ретінде жұмыс жасайды. Бұл бағдарлама 1998 жылы жүзеге асырыла бастайды және 2000 жылы тілдік ортаға ену сыныптары ашылған. 2000 жылдың 2 қазанынан 2008 жылдың желтоқсанына дейін бағдарламаны (әдістемені әзірлеу, оны енгізу және тарату) тілдік ортаға ену орталығы басқарған.

Эстониядағы тілге баулу бағдарламасы төмендегі негізгі принциптерге негізделген:

- бір педагог – бір тіл;
- кіріктірілген және бірлескен оқыту;
- барлық пәндер бойынша сабақтарда тіл үйренуге қолдау көрсетіледі;
- тақырыптық және жобалап оқытуды көп қолдану;
- пәннің мазмұнын меңгеру (мысалы, математик, жаратылыстану) тіл сабақтарында қолдау көрсетіледі;
- оқуда негізгі орындардың бірін өзін дамыту принципі алады;
- оқу процесінде кері байланыс үнемі болуы керек.

Эстонияда тілге баулу бағдарламасы үш деңгейде жүзеге асады: ерте қабылдау – балабақшадағы соңғы екі/үш жыл, мектептің бірінші сыныбынан, кеш тілге баулу – алтыншы сыныптан бастап (кейбір мектептер де бесінші сыныптан).

Эстония бағдарламасы өте нәтижелі – ол балалардың ана тілінде де, эстон тілінде де білім беруге арналған. Бағдарлама өсіп келе жатқанда балалардың үшінші тілді үйренуі үшін керекті дағдыларға ие болады деп күтілуде. Канадада фин әріптестерінің қолдауымен эстон тілін меңгеру бағдарламалары әзірленген.

Финляндия – ресми екі тілді ел, екі ресми тілі бар: фин және швед тілдері.

Тілдерді қолдану белгілі бір аумақтағы халықтың құрамына байланысты реттеледі. Сондықтан, бірнеше ондаған жылдар бойы швед тілін қолданатын балабақшалар бар, ал мектепке дейінгі мекемеге баратын балалар үйде фин тілінде немесе екі тілде сөйлейді. Осыған байланысты фин балабақшаларында Канада мысалына сәйкес, 1987 жылдан бастап тілдік ортаға ену әдісін қолданады. Вааза қаласындағы балабақшалардың бірінде толық тілге баулу әдістемесі енгізілді және алты жасар балалар тобын қамтыды. Қазіргі уақытта 400-ге жуық фин тілінде сөйлейтін балалар осы әдіс бойынша швед тілін үйренеді. Жақсы тиімді

нәтижелер жаңа балабақшалар мен тілдік орта қалыптасқан мектептерді құруға ықпал етті. Жалпы алғанда, бұл елдегі ерте тілдік ортаға ену жүйесі қазір кең таралды.

Қазақстандық тәжірибе

Орыс тілін басым қолданатын өңірлерде Көкшетау және Талдықорған НЗМ тәжірибесі бойынша қазақ тіліне баулу бағдарламасы жүзеге асырған. Бағдарлама орыс тілінде сөйлейтін балаларға арналған. Барлық пәндер 1-сыныптан қазақ тілінде оқытылады, орыс тілі 2-сыныптан, ағылшын тілі 3-сыныптан пән ретінде енгізіледі. 5-9 сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бір пән орыс тілінде, 10-11 сыныптарда бірнеше пән ағылшын тілінде оқыту ұсынылды.

9-сыныптан, қазақ тіліне баулу кешірек енгізу бағдарламасы жүзеге асырылады, бұнда орыс тілінде оқытылатын топтар оқу бағдарламасының 46%-ын қазақ тілінде оқиды. Қалған пәндер ағылшын тілінде оқытылады. Ал орыс тілі пән ретінде оқытылады [4, 19 б.].

Тілді меңгеру процесін сипаттайтын теорияларды жіктеудің бірқатар әдістері бар. Балалардың бірінші тілді қалай үйренетінін сипаттауға бағытталған теориялық көзқарасты үшке бөліп көрсетуге болады:

Бихевиористік теория шеңберінде балалар өздеріне еліктеу арқылы үйренеді деп саналады, олар тілді меңгеруге ықпал ететін маңызды факторды естиді, ата-аналар тілді модельдейді және қолдануын күшейтеді. Алайда, бұл теория балалардың ешқашан бұрын естімеген жаңа сөйлемдерді құрамайтынын түсіндіреді.

Тілді **табиғи меңгеру** теориясы шеңберінде («натуралистік» теория) туа біткен биологиялық механизмдер бар деп саналады, балалар табиғи жолмен әлеуметтік ортадан кері байланыс болғанда тілді меңгереді.

Өзара әрекеттесу теориясы шеңберінде баланың рөлі де, тәрбиешінің әлеуметтік ортадағы рөлі де танылады, сонымен қатар бағытталған әлеуметтік қарым-қатынастардың маңыздылығын атап көрсетеді, тілді меңгеру процесі жеке және әлеуметтік құбылыс болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру контекстінде тілге баулу келесі әдістерді қамтуы мүмкін:

Күнделікті жағдайларда мақсатты тілді қолдану: тәрбиешілер мен күтушілер әртүрлі жағдайларда балалармен сөйлесу үшін мақсатты тілді пайдаланады: ойындар, әңгімелер, кітап оқу және т. б.

Тілдік ойындар мен сабақтарды ұйымдастыру: балаларға тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған ойындар, тапсырмалар мен сабақтар ұсынылады. Бұған сөздік ойындар, мақсатты тілде ән айту, әңгімелер кіруі мүмкін.

Тілдік ортаға ену: мектепке дейінгі мекемеде тілге баулу кезінде декорацияларда, жазуларда, плакаттарда мақсатты тілді қолдануға баса назар аударылады, бұл балаларға сабақтан тыс уақытта тілмен байланыста болуға көмектеседі.

Мультимедиялық ресурстармен жұмыс: аудиожазбалар, мультфильмдер, компьютерлік ойындар және қосымшалар сияқты мультимедиялық ресурстарды пайдалану балалардың тілге баулуына ықпал етеді және олардың сөздік қорын байытады.

Ата-аналарды тарту: ата-аналарды тілге баулу процесіне тарту маңызды, мысалы, бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру, ата-аналарға үйде тіл үйренуді жалғастыру үшін материалдар мен ұсыныстар беру.

Интерактивті оқыту: рөлдік ойындар, сахналық қойылымдар, оқу ойындары сияқты интерактивті оқыту әдістерін қолдану балалардың тілді тиімді меңгеруіне ықпал етеді.

Қорытынды. Мектепке дейінгі білім берудегі тілге баулудың мақсаты – тілді үйренуге ынталандырушы орта құру, сондай-ақ балалардың болашақ білімі мен мансабында маңызды болуы мүмкін қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Жоғарыдағы әдебиеттерді зерделей келе, тілді меңгеру, тілдік материалды тез меңгеруге, бір тілде таза сөйлеу дағдыларын дамытуға және тілге баулуға деген ынтасын арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, бұл әдістеме балалардан үлкен дербестікті және белгілі дәрежеде ынталандыруды талап етеді, бұл кейбір балалар үшін қиындық тудыруы мүмкін.

Әдебиеттерді шолу нәтижелері мектепке дейінгі ұйымдарда тілге баулу бойынша отандық зерттеулердің жеткіліксіздігін және мемлекеттік тілдегі материалдардың аз қамтылғанын көрсетті.

Қорыта келе, «тілдік ортаға баулу» әдістемесі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тілді меңгерудің тиімді қосымша құралы ретінде қарастырылады. «Тілдік ортаға баулу» әдістемесін енгізу барысында оңтайлы жағдайлар мен кедергілерді анықтау үшін зерттеулер және талдаулар жүргізу қажеттілігі туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Протасова Ю., Родина Н.М. «Методика развития речи двуязычных дошкольников: учебное пособие»/ Москва, 2010 – 253 б.

2 Справочник по методике преподавания второго языка в начальной школе // Авторский коллектив: Зента Анспока, Анита Ланка, Эвия Папуле, Ария Птичкина, Регина Римша, Ингуна Тейлане, Сандра Зариня, LVAVP, tulkojums krievu valodin. - Рига, 2005. [Электронный ресурс]. URL: http://eduresource.net/old/images/docs/MetodMat/6.%20Spravochnik_po_metodike_vtorogo_yazyka.pdf

3 Фомин М.М. Языковое воспитание детей в двуязычной семье: монография / М. М. Фомин, Н. В. Федоров; М-во образования и науки Рос. Федерации, ФГАОУ ВПО «Сев.-Вост. федер. ун-т им. М. К. Аммосова». - Якутск : ИПК СВФУ, 2010. – 129 с.

4 Ырсадиев С.Ә., Қарабасова Л.Ш., Мұхаметжанова Ә.З., Әділ А.Б., Бекова М.А., Нұрланов Е.Б. Үш тілде білім беруді ұйымдастыру: халықаралық тәжірибе және Қазақстанға арналған ұсыныстар /Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017. - 184 б.

REFERENCES

1 Protasova YU., Rodina N.M. (2010). «Metodika razvitiya rechi dvuyazychnyh doshkol'nikov: uchebnoe posobie» [Methods of language development of bilingual preschoolers: textbook]/ Moskva, 253 b. [In Russian].

2 Spravochnik po metodike prepodavaniya vtorogo yazyka v nachal'noj shkole (2005). [Handbook on the methodology of teaching a second language in primary school]// Avtorskij kollektiv [Author's team]: Zenta Anspoka, Anita Lanka, Eviya Papule, Ariya Ptichkina, Regina Rimsha, Inguna Tejlane, Sandra Zarinya, LVAVP, tulkojums krievu valodin. - Riga, 2005. [Elektronnyj resurs] URL: http://eduresource.net/old/images/docs/MetodMat/6.%20Spravochnik_po_metodike_vtorogo_yazyka.pdf [In Russian].

3 Fomin M.M. (2010). Yazykovoe vospitanie detej v dvuyazychnoj sem'e: monografiya nazvaniya [Language education of children in a bilingual family: monograph]/ М. М. Fomin, N. V. Fedorov; M-vo obrazovaniya i nauki Ros. Federacii [Ministry of Education and Science of the Russian Federation], FGAOU VPO «Sev.-Vost. feder. un-t im. M. K. Ammosova». - YAkutsk : IPK SVFU, 129. [In Russian].

4 Yrsaliyev, S. A., Karabasova, L. Sh., Mukhametzhanova A. Z., Adil, A. B., Bekova, M. A., Nurlanov, E. B. (2017). Üş tilde bilim berudi üiymdastyru: halyqaralyq täjiribe және Qazaqstanğa arналған üsynystar /Qazaq, orys және aғылşyn tilderinde [Organization of Education in three languages: international experience and recommendations for Kazakhstan/ in Kazakh, Russian and English]. – Astana: «Aqparattyq-taldau ortalyғы» AQ [Information and analytical center JSC], 184. [In Kazakh].

*Мукушева М.А.¹, Шадетова А.К.²

^{1,2} Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» Институт профессионального развития по
Карагандинской области

^{1,2} Караганды, Казахстан

МЕТОДИКА ПОГРУЖЕНИЯ В ЯЗЫКОВУЮ СРЕДУ В ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ: ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ

Аннотация

В статье представлен общий обзор литературы с целью изучения проблемы формирования языковой среды в дошкольной организации, погружения в языковую среду в раннем возрасте. В качестве основного вопроса авторы рассматривают тот факт, что дошкольники все чаще не могут чисто говорить на одном языке (казахском).

Основное внимание в работе авторы акцентируют на методике «погружения в языковую среду» как наиболее эффективной для решения вышеуказанной проблемы. Эффективность методики погружения в языковую среду обосновывается международным инновационным опытом, раскрытым в результате обзора преимущественно зарубежной литературы по данной теме. Авторы рассматривают языковое погружение как методику, позволяющую детям любого возраста, в том числе дошкольникам, быстрее и эффективнее изучать язык, развивая словарный запас, грамматические навыки и умение слушать.

Авторы, изучив литературу, выявили недостаточность отечественных исследований по созданию языковой среды в дошкольных организациях и недостаток учебных и методических материалов на казахском языке.

В заключении отмечается важность дальнейшего исследования и анализа практики по данной теме и необходимость развития отечественной практики по формированию языковой среды в дошкольных организациях.

Ключевые слова: языковая среда, международный опыт, методика, дошкольная организация, обзор литературы, методика обучения, лексика.

* Mukusheva M.A.¹, Shadetova A.K.²

^{1,2} Branch of the JSC «NCAT «Orleu» Institute of Professional Development in the Karaganda
region

^{1,2} Karaganda, Kazakhstan

METHOD OF LANGUAGE IMMERSION IN PRESCHOOL ORGANIZATION: FOREIGN EXPERIENCE

Annotation

The article presents a general overview of the literature with the aim of studying the problem of formation of the language environment in the preschool organization, immersion in the language environment at an early age. As the main question, the authors consider the fact that preschoolers are increasingly unable to speak clearly in one language (Kazakh).

The main attention in the work of the authors is focused on the method of "immersion in the language environment" as the most effective for solving the above problem. The effectiveness of the methodical immersion in the language environment is substantiated by international innovative experience, revealed as a result of a review of mostly foreign literature on this topic. The authors consider language immersion as a method that allows children of any age, including preschoolers, to learn the language faster and more effectively, developing vocabulary, grammatical skills and listening skills.

The author, studying the literature, revealed the insufficiency of domestic research on the implementation of the language environment in preschool organizations and the lack of materials in the state language.

In the conclusion, the importance of further research and analysis of practice on this topic and the necessity of development of domestic practice in the formation of the language environment in preschool organizations are noted.

Key words: language environment, international experience, methodology, preschool organization, literature review, teaching methodology, vocabulary